

# АНА ТІЛІ

Ғалим Тазабаев

1990 жылғы  
наурыздың 22-сінен  
бастап шығады

## Мұрат ақын мұрасы



**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, педагогика ғылымының кандидаты Шахман Нағымұлының Мұрат Мөңкеұлының 180 жылдығы қарсаңында еңбегі жарыққа шықты. Кітап сегіз бөлімнен тұрады.**

**Мұрат Мөңкеұлы туралы жүйелі мағлұмат ХХ ғасырдан басталғаны белгілі. Ақын шығармаларын 1924 жылы Ташкент қаласында жеке кітап етіп шығарған және тұңғыш ғылыми пікір айтқан Халел Досмұхамедов.**

Халелден кейін С.Сейфуллин, М.Әуезовтерден бастап ақын шығармаларын насихаттау жалғасты. Атыраулық Берік Қорқытов та ақын шығармаларын түгел жинастыруға ұстазы Қажым Жұмалиевтің жетекшілігімен көп ізденіп, жұмыс істеді. Берік әкесі шежіреші Ыбыраштың жазбалары және қырқыншы жылдары Мұраттың баласы Дәулетқалидан көп дүниелерді жинаған.

Академик Зейнолла Қабдоловтың жетекшілігімен Бауыржан Омаров Мұрат ақынның шығармашылығын кеңінен зерттеді. Ол 1993 жылы ақын шығармашылығымен кандидаттық диссертация қорғап, өзінің ғылыми тұжырымдарын жасағаны мәлім. Мөңкеұлы шығармашылығын зерттеуге тарихшы ретінде Шахман Нағымұлының да еңбегі сіңген. Шынында да, Шахман өзінің ата-бабаларының бірі Мұрат Мөңкеұлының шығармаларын оқи жүріп, Батыс Қазақстанның жер-су атауларын

зерттеуге құмбыл кіріседі.

Кітап авторы «Мұрат Мөңкеұлына Атырау қаласында ақынның 180 жылдығына ескерткіш орнатылуы тиіс» деп ұсынысын айтады. Шахман Нағымовтың еңбегінде ақынның шығармаларындағы ерте тарихта болған адамдардың, елдімекендердің аттары тізіліп берілген. Бұл, әрине, біршама үңіле зерттеудің белгісі. Ғалым кітапта тарихи тұлғалардың және жер-су атауларының әрқайсысына жеке дара тоқталады. Автордың еңбегінің маңызы да осында жатыр деп айтуға болады.

Зерттеушінің тарихи жазбалары мазмұнды. Қазтуған Сүйінішұлы, Орақ-Мамай, Телағыс Жаңбыршыұлы, Шора Нәрікұлы, Шора батыр, Едіге, Қарақыпшақ Қобыланды батыр, Қараның ұлы Садақ батыр, Орманбет би, Баймағамбет сұлтан, Жәңгір хан, әз-Жәнібек хан, Тұрлан батыр, яғни Асау Тұрлан, Төремұрат Тайлыбекұлы және тағы басқалары, барлығы 167 тарихи тұлғаның өмірі туралы жазбалардың көпшілігіне зерттеуші арнайы мақала арнаған. Сонымен қатар 153 елдімекеннің, жер-су атауларының тізімі беріліп, бірқатарына толық анықтама берілген. Кітапта халық біле бермейтін жер-су атаулары туралы терең мағлұмат бар.

Жер қыртысын зерттейтін гидрогеологтардың айтуы бойынша, Қазақстанның аумағында өзен-көлдер өте көп болған. Мұрат жырларындағы аталған өзеншелер сол құпияларды ашып беруге көмектесуі бек мүмкін. Мұрат Мөңкеұлының жырларын әлі де зерттеу керектігі жөнінде пікірлер айтылып жүр Оған бір себепкер болып отырған кітаптың сегізінші тарауындағы ақынның өміріне байланысты хикаялар мен соған байланысты айтқан жыр жолдары екені анық. Бұл ақынның кейбір жырлары әлі де болса, халық арасында айтылып жүргенін білдіреді. Ұлттық Ғылым академиясының қолжазба қорында жарыққа шықпай, іздеушісін күтіп жатқан жырлары да болуы мүмкін. Бұл кітапты Мұрат ақынның шығармаларының әртүрлі қырлары хақындағы ғылыми жинақ деген дұрыс. Ол толықтырыла түсуі керек. Мәселен, жырларға әдеби теориялық талдаулар, зерттеулер жүргізілуі қажет. Жалпы ғалым тарихшы Шахман Нағымұлының «Мұрат ақын мұрасы» атты жинағы оқырманға бағалы мағлұмат ұсынған кітап. Бұл еңбек әдебиет сүйер қауымның, ғалымдардың Мұрат Мөңкеұлы туралы білімін толықтыруға қызмет етеді.

**Қадыр Жүсіп,  
Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау университетінің  
профессоры, филология  
ғылымының докторы,  
Атырау облысының құрметті  
азаматы**